

## Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерімен берілетін сыртқы кредиттерді тартуды шектеу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 16 қаңтар N 61. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасы кепілдік берген шетел кредиттері бойынша дефолттардың пайда болуынан қашу, сондай-ақ бұдан бұрын алынған кредиттер бойынша берешегі бар ұйымдардың шетел кредиттерін сан мәрте алуына жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кепілдігімен жаңа шетел кредиттерін тарту-кредит алушы ұйым бұдан бұрын алынған кредиттер бойынша берешегін өтегеннен кейін ғана жүргізілетін болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі, салалық министрліктер мен ведомстволар, облыстардың әкімдері шетел кредиттерін тарту жөніндегі жобаларды шетел кредиттері мен займдары жөнінде қарызы жоқ ұйымдардан ғана қарауға қабылдайтын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы қаулының орындалуын бақылауға алуды қамтамасыз етсін.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - м и н и с т р і н і ң*

*бірінші орынбасары*